

**«6D020100-Философия» мамандығы бойынша  
философия докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындалған  
Кемербай Рауан Амантайұлының «Асан Қайғы: қилы заман  
философиясы» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына  
ресми**

**СЫН-ШҚІР**

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.**

Адамдар уақытты, тіршілік етіп жатқан заманды ерте кезден бастап түсінуге тырысқан, сондықтан да философияның пайда болып, дамуында бұл категория ерекше орынға ие. Адам үшін, белгілі бір ойшыл үшін тарихи кезеңді түсіну маңызды, және де әр кезеңде, әр заманда ол ұғымға деген көзқарас та ерекше болған. Философия тарихына көз жүгіртер болсақ, тарихи уақыт, заманға деген көзқарастың алуан түрлілігін көреміз. Ал қазіргі уақыт, тарихи уақыт, заман ежелгі замандағы, тіпті алдыңғы ғасырдағы түсініктерден де өзгеше екендігіне көз жеткізуімізге болады. Уақыт өтпелі, қайтып келмейтін сәттерден тұрады, ал сол замандағы құнды нәрсе, мәңгілік сақталатын бейне адамның адамгершілігі мен рухани байлығымен байланысты. Аса көрнекті оқиғалар мен іс-әрекет өткен заманның бет-бейнесін анықтайды, мәңгілік адамзаттың есінде қалуы оның бағасына, жақсы немесе жаман жағымен, пайдасы мен зияны арқылы өлшенеді. Қоғамдағы құндылықтар арқылы бағаланады. Жалпыадамзаттық құндылықтар өзгермегендіктен, оларға деген баға да өзгермеуі қажет, оң немесе теріс баға объективті болу керек. Солай дегенмен, адамның көзқарасы субъективті, кез-келген процесті, құбылысты қалыптасқан құндылықтар жүйесі арқылы, дүниеге көзқарас аясында түсініп бағалау бұл мәселенің күрделілігін көрсетеді. Өткен тарихты, тарихи кезеңді, заманды бағалау өте қиын, ол тек қана сол кездегі өмір сүрген ойшыл, қайраткерлердің, шығармашыл адамдардың (ақын, жырау, жазушы, тарихшы, философ, ғалым) мұрасы, шығармашылығы арқылы мүмкін болады. Ал объективті тарихқа қандай баға беру қазіргі адамның көзқарастарына тәуелді.

Қай заманда болмасын қоғамның әл-ауқаттылығы бірқатар факторлармен тығыз байланысты. Кез келген мемлекет өркениеттілікке бағытталған даму жолында тарихи, мәдени-әлеуметтік, географиялық, діни, саяси-экономикалық және жаһандық үдерістерді ескере отырып, өзіндік басқару моделін қалыптастыруға ынталануы заңдылық. Дүниеге көзқарастары арқылы адамзаттың даму тарихына орасан ықпал еткен ғұлама ойшылдардың яғни, Платонның «Мемлекет», Аристотельдің «Саясат», Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындары», Конфуцийдің «Әңгімелер мен пайымдар», Баласағұнның «Құтты білік», Томас Мордың «Утопия», Монтескьенің «Заңдардың рухы туралы» еңбектері бұған дәлел. Бұл ойшылдар өз шығармаларында қоғам, парасат пен ізгілік жолын таңдау

арқылы ғана игілікке жете алатынын меңзейді. Қазіргі кезде өркениетті елдер өз заңдарын ерте заманғы «қанға қан, жанға жан» принципіне емес, мейірбандық пен ізгілік және зайырлылық жалпы адамзаттық принциптеріне негіздейді. Бүгінгі күні зайырлылық ұғымына қатысты қоғамда қалыптасқан әркелкі көзқарастар бар, алайда, оның нышандарын, мемлекеттік құрылым, басқару моделі мен құқықтық негіздерден айқын аңғаруға болады. Мемлекет зайырлы болса да халық ұстанып отырған сенімнен, діннен мүлдем ажырап кете алмайды, ал дәстүр оның нық темірқазығы. Елімізде кеңкөлемді «Рухани жаңғыру» бағдарламасы жүріп жатқан тұста бұл өте маңызды мәселе. Осы тұрғыдан келгенде, диссертация тақырыбы Қазақстан қоғамы үшін өзекті екені дау тудырмайды. Диссертация тақырыбы алдағы уақыт ішінде де өзекті қалпын сақтап қалатыны анық.

Мемлекеттің ішкі тұрақтылығы, рухани-мәдени дамуы мен тұлғалардың кемелденуі, әділеттілік пен ел басқару ісіндегі демократиялық ізгілік қазіргі таңдағы ұлттық қауіпсіздік пен Мәңгілік Ел болудың шарты екені белгілі. Қоғамның рухани дамуы Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласының өзекті мәселесі болып табылады. Яғни, қоғамымыздың мәдени, рухани салаларындағы өзекті заманауи мәселелер біздің болашағымызды анықтайды. Мәңгілік Ел идеясына сай қоғамдық өмірдің барлық салалары белгілі бір деңгейде жетілген және барынша мүлтіксіз болуы тиіс. Асан Қайғының Жерұйығының «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» деп аталуы да сондықтан. Бұл - тыныштық пен әділеттілікті, уайымсыз-мұңсыз ғұмыр кешуді білдіретін түсінік.

Қазақ философиясы ақын-жыраулар шығармашылығынан бастау алады. Ақын, жыраулардың шығармашылығында дүниетанымдық бағдарлар айқын орын тапқан. Ақын, жыраулардың шығармашылығы көшпелі қоғамда адамдардың жүрегіне, ақыл-ойына әсер ететін бірден-бір құрал. Олар қоғамда дүниетаным қалыптастырушы ықпалды интеллектуалды күшке ие болған. Олардың шығармашылығы қазақ философиясының дамуында маңызды рөл атқарған. Асан Қайғының «Жерұйық» идеясы схоластикалық пайымдаулар емес, өмір тәжірибесімен байланысатын стратегиялық жоспар. Бабамыз халқының болашағын саяси-тұрғыдан бейбітшілік пен келісімділіктен көріп, әлеуметтік тұрғыдан тыныштық пен әділеттілік орнайтын мемлекет деп түсінді.

Жалпы, заман - объективті категория, ол адам мен адамзаттан тыс өмір сүреді. Ал бұл ұғымды философиялық-тарихи тұрғыдан зерттеу жаратылыстану ғылымдары, қоғамдық ғылымдар зерттейтін уақыт, кезең, сәт, кез ұғымдарын зерттеуден ерекшелігі көп. Ол ғылымдардың әрқайсысы белгілі бір қырынан, белгілі бір тұрғыдан зерттейді. Заман ұғымы тарих философиясында қарастырылады. Тарих философиясы заманға әмбебап сипаттама беріп, оның гносеологиялық, онтологиялық қырларын қарастырады. Осы тұрғыдан алғанда да, диссертациялық тақырыптың өзектілігі артады. Зерттеудің тақырыбы қазақ философиясындағы маңызды

мәселемен байланысты болғандықтан, оны жан-жақты талдау жүзеге асырылуы тиіс.

Диссертациялық жұмыстың тақырыбы «Мәңгілік Ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырдың білімі, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер)» атты ғылыми басымды бағытқа сай келеді.

## **2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.**

«Асан Қайғы: қилы заман философиясы» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмыстың жоспары мақсаты мен міндеттеріне сай. Диссертацияда қазақстандық философияның дамуына маңызды үлес қосатын ғылыми қорытындылар мен теоретикалық тұжырымдар жасалған. Ізденуші тақырыпты ашу үшін алдына 6 түрлі міндет қойып, оларды тиянақты түрде шешіп, төмендегі қомақты нәтижелерге қол жеткізген:

*Бірінші ғылыми нәтиже* қазақ философиясындағы «заман» ұғымының мазмұнын ашумен байланысты алынған. Заман ұғымының табиғи-биологиялық, психологиялық, гносеологиялық, аксиологиялық, экзистенциалдық, әлеуметтік, саяси қырлары анықталып, философиялық талдау жасалған. Сонымен қатар, «заман» ұғымының қазақ философиясының негізгі ұғымдарының бірі екендігі дәлелденіп, оған авторлық анықтама берілген, мазмұны мен мәні ашылған.

*Екінші ғылыми нәтиже* қазақ халқының тарихи санасын зерделей отырып, оның биологиялық-психологиялық, гносеологиялық негіздерін саралап, «заман» ұғымының қалыптасуының алғышарттарын анықтау негізінде алынған. Зерттеуші «заман» ұғымы арқылы қазақтың ұлттық дүниетанымының эволюциясын көрсетуге тырысқан. Яғни, халықтың жадында сақталған эпостардағы, ақын-жыраулардың шығармашылығындағы заманға байланысты идеяларды философиялық талдау негізінде олардың ерекшеліктері анықталған.

*Үшінші ғылыми нәтиже* қазақ елінің бүтіндігі, мемлекет болып қалыптасу идеясы негізінде Асан Қайғы шығармашылығындағы қоғам мен адамның мәселесін саралау негізінде алынған. Адам мен қоғам қатынасының құндылықтық-мағыналық қырлары талданып, Қазақ хандығы тұсындағы мемлекеттің іргесін мықтап, оны сыртқы жаулардан қорғау, халықты біріктіру идеясы аясында зерттелген. Ізденуші бұл нәтижені тарихи сананың қалыптасуындағы уақыттың, тарихи уақыттың мәнін зерделеу арқылы алған.

*Төртінші ғылыми нәтиже* Асан Қайғы мұрасының этикалық мәнін анықтау негізінде алынған. Жыраудың әлемді түсіну, рухани тұрғыдан игеру дүниетанымы ауқымындағы философиялық ұстанымдары көрсетілген. Ол ел, жер, халық тағдыры, болашағы мәселелерімен байланысты. Асан Қайғының накыл, канатты сөздерден құралған философиялық толғауларына герменевтикалық талдау жасалған, сол арқылы қоғамдық мәселелермен қатар адамдар арасындағы әр алуан қарым-қатынастар, адамшылық, ізеттілік, білімділік, әділдік, достық, татулық, бақыт сияқты руханилыққа негізделген ойлары философиялық-дүниетанымдық тұрғыдан сараланған.

*Бесінші ғылыми нәтиже* «заман» категориясының философия тарихындағы тұжырымдамаларына шолу жасай отырып, тарихи сананың қалыптасуындағы уақыттың, тарихи уақыттың мәнін зерделеу арқылы алынған. Асан Қайғының заман философиясының футурологиялық болжамдарына талдау жасалған.

*Алтыншы ғылыми нәтиже* Жерұйық ілімінің мәнін ашып, оның еуроцентристік парадигмадағы өлшемдер бойынша емес, өзіндік ділдік таным бойынша зерделенуі арқылы алынған. Жерұйық пен Мәңгілік Ел идеясының сабақтастығы анықталған. «Мәңгілік» категориясы негізінде мәңгілік құтты қоныс туралы ілімге баға берілген. Асан Қайғының «Жерұйық» идеясының құндылықтық бағдарлары көрсетілген.

**Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.**

Р. Кемербайдың диссертациялық жұмысының методологиялық базасы ретінде пәнаралық ұстанымның негізінде тарихи-философиялық, мәдениеттанулық әдістер қолданылған. Диссертант сонымен қатар тарих философиясы, әлеуметтік философия негізіндегі қазіргі методологиялық тәсілдерді басшылыққа алады.

Кейбір жеке тақырыптар мен мәселелерді зерттеуде диссертант деректану, тарихнамалық талдауларға жүгінеді. Зерттеу процесінде қолданылған концептуалды әдістер оның пәніне сәйкес және диссертациялық жұмыстың мақсаттарымен бірегей.

Диссертациялық еңбектің әрбір ғылыми нәтижесінің негізделуі мен дәйектелуі жоғары дәрежеде. Енді олардың әрқайсысына нақтылы тоқтала кетейік.

**Бірінші ғылыми нәтиже** анық және дәлелденген. «Заман» категориясына байланысты тұжырымдамалар дүниетанымдық және методологиялық тұрғыдан талдау жасау арқылы дәйектелген. Заманның философиялық түсінігіне байланысты О. Шпенглер, Ясперс К, Тойнби А., Шелер М, И. Кант, Белл Д, Морган Л, Шопенгауэр А, Юнг К, Мамардашвили М. және т.б. еңбектері жан-жақты зерделенген.

**Екінші ғылыми нәтиже** анық және дәлелденген. Қазақ философиясындағы «заман» ұғымының эволюциялық көріністері сипатталды. Ол мифтер мен эпостардағы, Асан Қайғы мен Бұқар жырау, Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Орынбай Бертағылұлы, Майлықожа Сұлтанқожаұлы, Нұржан Наушабаев, Мұрат ақын, Хакім Абай және Ғұмар Қараш шығармалары негізінде дәйектелген.

**Үшінші ғылыми нәтиже** анық және дәлелденген болып табылады. Нәтиже Асан Қайғы шығармашылығындағы әлеуметтік-философиялық түсініктердің құндылықтық мағынасын саралау арқылы мүмкін болған.

**Төртінші ғылыми нәтиже** нақты негізделген. Асан Қайғының қилы заман идеясының пессимистік және оптимистік қырлары мен Жерұйық идеясының жалпы мұраттары оның толғаулары негізінде дәйектелген.

«Жерұйық» идеясының Конфуций, Платон, әл-Фарабидің идеалды қоғам, қайырымды қала сияқты идеяларымен үндестігі ойшылдардың еңбектерін талдау негізінде алынған.

**Бесінші ғылыми нәтиже** нақты дәйекті. Жерұйық идеясы мен Мәңгілік Ел идеясының тарихи сабақтастығы, мақсаттық ұқсастықпен анықталады. «Жерұйықты» іздеу, Мәңгілік Ел мұратын ұсыну, Ұлы Дала елі атауы тәуелсіздігімізді нығайта түсудің стратегиялары екендігі негізделеді.

**Алтыншы ғылыми нәтиже** нақты және негізделген болып табылады. Мәңгілік Ел идеясының тарихи тамырлары рухани мәдениет ауқымында қарастырылған, оның Жерұйық идеясымен сәйкестенетін деңгейлері анықталған.

### **3. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.**

**Бірінші ғылыми нәтиже** салыстырмалы түрде жаңа болып табылады, Автордың ғылыми талдауларымен қоса философиялық әдебиетте кездесетін тұжырымдар бұл нәтижені толықтырады.

**Екінші ғылыми нәтиже** жаңа болып табылады. Жыраулар арасындағы сабақтастық пен қозғалған мәселелердің бір арнада тоғысатындығы туралы қортындығы жасалған. Заман қазақ халқының тарихи санасындағы көріністің тұтастығы туралы дәйекті тұжырымдарға негізделетіндігін дәлелдеген.

**Үшінші ғылыми нәтиже** салыстырмалы түрде жаңа болып табылады. Қазақ қоғамында адам мен қоғамдық қарым-қатынастар жүйесі тікелей өмір сүру тәжірибесінен туындайтындығы және адамдар арасындағы қарым-қатынас, рухани құндылықтар негізінде дәйектелген.

**Төртінші ғылыми нәтиже** жаңа болып табылады. Асан Қайғы мұрасының этикалық мәні кешенді түрде анықталған, оның дүниетанымдық ерекшеліктерінің астарында әлемді түсіну, рухани тұрғыдан игеру ауқымындағы философиялық ұстанымдар жатқандығы көрсетілген.

**Бесінші ғылыми нәтиже** жаңа болып табылады. Жерұйық пен Мәңгілік Ел идеясының тарихи негіздері көрсетілген, бұл идеялардың сабақтастығы ғылыми-философиялық тұрғыдан алғаш рет сарапталған.

**Алтыншы ғылыми нәтиже** жаңа болып табылады. Асан Қайғының философиясының Жерұйық идеясы негізінде, оның этногенезі мен әлемдік тәжірибесі, «заман» туралы философиялық пайымдаулары кешенді түрде зерттелген.

### **Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.**

Диссертацияда дәйектелген ғылыми нәтижелерді қазақ философиясын оқытуда «Философия», «Мәдениеттану», «Философия тарихы» пәндері бойынша дәріс оқуда пайдалануға болады. Жыраулар философиясы, Асан Қайғы философиясы атты курстарды оқу үшін негізгі әдістемелік құрал болады.

**Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.**

Диссертациялық жұмыс Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің Философия кафедрасында орындалған. Диссертациялық зерттеудің мазмұны мен негізгі нәтижелері Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстандық стратегиялық институт жанындағы «Қоғам және дәуір» журналында, Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетіне қарасты Философия, саясаттану және дінтану институты жанындағы «Адам әлемі» журналында, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы «Философия, мәдениеттену және саясаттану» хабаршысында жарияланған. Диссертация тақырыбы бойынша Скопус базасына кіретін «European Journal of Science and Theology» (February 2020, Vol.16, No.1, 131-139) журналында (Румыния) мақала шыққан. Бірнеше мақалалар халықаралық ғылыми-теориялық конференция жинақтарында жарық көрген. Диссертация тақырыбы бойынша жеке монография жарық көрген.

**Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.**

Кемербай Рауанның «Асан Қайғы: қилы заман философиясы» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысы кәсіби деңгейде жазылған деп есептеймін. Дегенмен, диссертацияны қарап отырғанда мынадай кемшіліктерді аңғардым. Ең алдымен, қилы заман ұғымына тағыда тереңірек тоқталса, себебі заманның қилы болуы бүгінгі таңда одан сайын артып отырғандығы. Әрине, заман ұғымын жан-жақты тұрғыдан жақсы талқылап, аша білген. Екіншіден, өзім жақсы білетін «Мәңгілік Ел» идеясының тарихи-философиялық негіздерін әліде толықтырса жақсы боп кетер еді.

Дегенмен, бұл ескертулер диссертацияның мазмұны мен құндылығына әсер етпейді деп ойлаймын.

Зерттеу нәтижелері ізденушінің дұрыс бағытта екенін, аталған кемшіліктерге қарамастан ізденушінің зерттеу барысында қойған міндеттеріне қол жеткізді деп есептеймін. Берілген ұсыныстар мен кемшіліктерді докторант өзінің болашақ зерттеулерінде ескереді деп санаймын.

**Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.**

Диссертант Кемербай Рауанның қорғауға ұсынылған диссертациялық зерттеу жұмысы тақырыбы мәтініне сай, қойылған талаптарды қанағаттандыратын мазмұнды, іргелі дүниетанымдық, методологиялық және теориялық-танымдық мәселелер қойылған жұмыс. Диссертациялық жұмыс жоғары дәрежелі, автордың өзі жасаған еңбек. Ол автордың өзі алған, отандық философияға қосылған үлесі бар, нәтижелерінің жаңалық дәрежесі жоғары, негізделген, дәйекті болып табылатын, аяқталған жұмыс айтар едім.

Кемербай Рауанның «Асан Қайғы: қилы заман философиясы» тақырыбындағы зерттеу жұмысының мазмұны ҚР БҒМ Білім және ғылым

